

Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға берілетін 2012 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидаларын бекіту

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 қазандағы № 1281 Қаулысы
БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңының 13-бабының 14) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға берілетін 2012 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасын уақтылы және мақсатты пайдаланды;

2) есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін осы қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомасын пайдалану туралы есеп беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С.Ахметов.*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 9 қазандағы
№ 1281 қаулысымен
бекітілген

Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға берілетін 2012 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидалары

1. Осы Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға берілетін 2012 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидалары 203 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану қағидаларына с ә й к е с жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды Министрлік пен облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі арасындағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімнің, жеке қаржыландыру жоспарының негізінде жүргізеді.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша Министрлікке нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есеп береді.

5. Министрлік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде есептілікті береді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 9 қ а з а н д а ғ ы
№ 1 2 8 1 қ а у л ы с ы н а
1-қосымша

Нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізу туралы аралық есеп

« _____ » _____ 20 ____ ж.

Мемлекеттік органның атауы _____

Нысаналы трансферттің атауы _____

Есепті кезең _____

Жоғарыда тұрған бюджеттен алынған қаражаттың сомасы _____

(бюджеттік бағдарлама атауы)

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)

р/с №	Тікелей нәтиже					
	Көрсеткіштер атауы (жоспарланған іс-шаралар)	Іс-шараның іс жүзінде орындалуы, нәтижеге қол жеткізу сатысы	Нәтижеге қол жеткізе алмау себептері	Жоспар мың теңге	Факт мың теңге	Ауытқу мың теңге
1	2	3	4	5	6	7

М.П.

Әкім

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

төменде тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі-бірінші басшы

(Т.А.Ә.)

(қолы)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

9

қ а з а н д а ғ ы

№

1 2 8 1

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Нәтижелер көрсеткішіне қол жеткізу туралы аралық есеп

« _____ » _____ 20 ____ ж.

Мемлекеттік органның атауы _____

Нысаналы трансферттің атауы _____

Есепті кезең _____

Жоғарыда тұрған бюджеттен алынған қаражаттың сомасы _____

(бюджеттік бағдарлама атауы)

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)

р/с №	Тікелей нәтиже					
	Көрсеткіштер атауы (жоспарланған іс-шаралар)	Іс-шараның іс жүзінде орындалуы, нәтижеге қол жеткізу сатысы	Нәтижеге қол жеткізе алмау себептері	Жоспар мың теңге	Факт мың теңге	Ауытқу мың теңге
Қорытынды нәтиже						
	Жоспарланған көрсеткіштер (іс-шаралар)	Іс жүзінде нәтижеге қол жеткізу		Нәтижеге қол жеткізе алмау себептері		

М.П.

Әкім

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

төменде тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі-бірінші басшы

(Т.А.Ә.)

(қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК